

ӘОЖ 81'42

М.ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ВЕРБАЛДАНУЫ

Жумадулла Динара Досанқызы

Zhumadulla_dinara@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1 – курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А. С. Мұхтарова

Тіл – адамзат баласының ғасырлар бойы жинақтаған білім мен тәжірибесінің қазыналы сарайы. Тілдің лексикалық байлығын құрайтын әр сөз, сол қазыналы сарайдың қымбат мүлкі іспетті. Олай болатын себебі – әр сөз ұғымдар, заттар мен құбылыстар туралы адам баласының таным процесінде қол жеткізген нәтижесінің тілдегі көрінісі.

Ғалым А. Исламның зерттеуі бойынша: «Лингвомәдени ізденістерде дүниетанымдық концептілердің өзіндік орны бар. Орыс тіл білімінде «понятие» мен

«концепт» терминдерінің ара жігін айқындаған ғылыми мақалалар аз емес. Ал қазақ тіл білімінде әзірге бұл термин төңірегінде пікір талас болғанымен, «ұғым» деп те, «концепт» термині түрінде де қалдыруға болады деген ойдамыз. Ал енді «концепт» дегеніміз, ол біздің пайымдауымызша, адам санасында тұрған орта, дін, мәдениет, жалпы айтқанда дүние таным негізінде белгілі бір ұрпақтан –ұрпаққа өзгеріссіз беріліп отыратын құндылық. Сөйтіп, олар «концептілер аймағын» құрайды» деген қорытынды жасайды. «Концепт» ұғымының бірнеше кең таралған анықтамаларын келтірер болсақ:

1. «Концепт-бұл адам өмірінің ақыл-ой, рухани немесе материалдық саласына тиесілі ұғымның ауызша белгісінің мазмұнды жағы»[1; 27 б.].
2. «Концепт-бұл әлемнің фрагменті немесе осындай фрагменттің бір бөлігі туралы түсінік, әртүрлі тілдік тәсілдер мен құралдар арқылы жүзеге асырылатын белгілердің әртүрлі топтарымен көрсетілген күрделі құрылым» [2; 7 б].
3. «Концептілер адам ойлау процесінде жұмыс істейтін анық белгіленіп бейнеленген бірліктерді білдіреді. Олар алған білімнің, тәжірибенің мазмұнын, адамның барлық қызметінің нәтижелерін және белгілі бір бірлік, "квант" білім түрінде қоршаған ортаны тану нәтижелерін бейнелейді. Адам концептілер арқылы ойлайды.» [3; 23 б].
4. Концепт «адамның санасындағы мәдениеттің ұйысуы» ретінде анықталады;бұл мәдениет адамның ментальдық әлеміне кіреді. Ал екінші жағынан, концепт-бұл адамның өзі мәдениетке кіріп, кейбір жағдайларда оған әсер етуі.» [4; 40 б].

Анықтамаларда көрсетілгендей, концепт мәдениеттіңтұжырымдамалық бірлігі ретінде қарастырылады, сондықтан да оның мән – мағынасын толық ашу үшін, концептіні мәдениеттанулық аспектіде зерттеу өте маңызды болады. Рухани концептілер -бұл мәдениет құндылықтары болып табылатын және бірінші кезекте сенім, қуаныш, заң, махаббат, жақсылық, зұлымдық, тағдыр, шығармашылық түріндегі дерексіз аттарды білдіретін ұғымдар. М. П. Арутюнова осы дүниетанымдық ұғымдардың барлық мағынасында біздің әрқайсымыз олардың мазмұнын толық түсіндіре алмайтынын атап өтті. Сондықтан көптеген ұғымдар философтардың, мәдениеттанушылардың, әдебиеттанушылардың шығармаларында әртүрлі интерпретациялар арқылы көрініс береді және әрбір ғылым белгілі бір тұжырымдамаға өзіндік көзқарасын білдіреді.

Ғалым Н.Уәли: «Концепт индивид санасында сәулеленген сезімдік – заттық образдың (перцептивті модус) негізінде пайда болады. Концепт негізінде сезімдік тәжірибе жатады. Сезімдік – заттық образ (код) концептінің ядросы. Осы заттық код белгілі бір объектіні терең, жан – жақты білген сайын жаңа мәндік белгілермен байи түседі. Осының нәтижесінде концептінің мазмұны ұлғайып, кеңейеді. әлгі белгілердің қайсібірінің мәнділігі күшейе түсуі, қайсібірінің көмескіленуі ықтимал» [5;16б]

И.А.Стернин концепт құрылымын өрістік (полевой) көзқарас тұрғысынан қарастырады: «Кез келген концептінің негізгі қабаты болады», ал «негізгі қабат дегеніміз – концептіні ЭЗК (эмбебап заттық код) ойлау бірлігі ретінде таңбалайтын сезімдік бейне және оған қосымша кейбір концептуалдық белгілер»[6; 58б] – дейді. Ол сонымен бірге концептуалдық белгілер арқылы негізгі қабатпен бірлікте концептінің көлемін құрайтын және оның құрылымын анықтайтын когнитивті қабаттар құралады деп есептейді.

Осыған орай қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алған ақын прозаик Мағжан өлеңдеріндегі концептілерге тоқталсақ. Ақын шығармашылығында “от” бейнесі жиі қолданыс табады. Ақынның 1989 жылы жарық көрген шығармалар жинағындағы өлеңдерінде жүргізген біздің санауымыз бойынша, *оттың* және оның вариациялары мен сарындары (қасиеті мен қолданысы функцияларынан туындаған) 192 өлеңінің ішіндегі 88 өлеңінде кездеседі.

1. «От» концептісі.

От көбінесе ауыспалы, символикалық әрі метафоралық мәні терең қолданыста жолығады: ...өзім күнмін, өзім – от,

Сөзім, қысық көзім де от,

Өзіме өзім табынам(“От”).

От – Мағжан дүниетанымының, көзқарасының, тағдырының айнасы әрі қанағат, тағат таппаған аласұрған, ең жоғарғы дәрежедегі тұлғаның символы. Ақынның қиын өмірі де, күш қайраты да, қараңғылық көзін ашар қуаты да – от.

От - жоюшы. Оттың дүлейлігі, адамға бағынышты емес күші (яғни, жоюшылық функциясы) әрқашан үрей туғызады, сақтандырады. Мағжанның 63 өлеңі оттың осы қасиетіне негізделіп, бұл ұғымда бірде жағымды, бірде жағымсыз мағынада көрсетіледі. Осы тұрғыдан алғанда, ақын шығармаларында қасіретке батқан адам келбетін сомдауда, ішкі жан күйзелісін танытуда, тағдыр қиыншылықтарын, өмір тозағын суреттеуде “от” бейнесі маңызды роль ойнайды деп түюге болады. «Алданған сұлу» өлеңінде ақын өмір азабына түскен сұлудың келбетін, күнәдан арылмаған жай-күйін от арқылы суреттесе, өмір тәлкегі де – от.

*...Өкіндің, жастық шақтың ісің өтті,
“Аһ” ұрдың, сыртың – жалын, ішінде – шоқ...
... Тап-таза ат, көрік – бәрі кетіп,
Өміріңше құтыла алмас отта қалдың.*

Негізінде, «от – түрлі материалдардың жарық пен қызу шығарып жануы», ал «шок – жанған отынның сөнбеген қып-қызыл ыстық қалдығы». Көріп отырмыз, зарлы сұлу күнәға беріліп, маңайы от болса, сырты жалын (яғни, көрікті, әдемі, әсем) бола тұра, ішкі болмысы шок болады (бұл жерде аналогия ретінде «Сырты бүтін, іші түтін» атты халық мәтелін еске алуға болатын сияқты). Осы жолдарда басты бейне өзгерген, трансформацияға ұшыраған, яғни, оттан жалын, жалыннан шок туындап отыр. Ақын отты бейнелеу арқылы сұлудың тағдырын, жалын арқылы оның көркін, шоқты бейнелеп, өкінішін, қайғысын суреттейді. Демек тағдыр отының лапылы сұлудың сыртын күйдіріп, қайғыға батырып, өткен күннің қуанышын жоқ қылып, өкіндіріп, ішіне шок қалдырады.

Байқағанымыздай, Мағжан шығармаларында «от» бейнесінің қолданысы анағұрлым кең және күрделі, жан-жақты. Мағжан тағдыр қиыншылығын көп көрген адам. Осыған орай абақты, абақтыдағы өмір жайы ақынның өлеңдерінде көптеп жырланады. Сондай туындысының бірі «Тілегім» өлеңі.

Көрмейін рақат, жанайын

Жалын болсын маңайым

Күйейін, азап шегейін. (...)

... Абақтыда жұтып от,

Өтсін өмірім зарыменен. (...)

... Іште толған қалың дерт,

Жүректегі жалынды өрт

Зарлатар мені сол уақыт. Бұл өлең қорлық сүйегінен өтіп кетсе де өмірден күдер үзбеген ақынның өмірге көзқарасын, өмірлік мән мақсатын айрықша айқындайтын шығарма. Өмірдің мәні Мағжан үшін маздамай немесе бықсу, өшу емес, керісінше, азапқа түсіп, тозақта күйсе де лаулау, лапылдау. Мұнда абақтының азабы маңайын күйдіріп, от жұттырады, ал қаулап лапылдаған азаттық, асқақтау жалыны өрт жүректен шапшиды. Көріп отырғанымыздай, басты бейне жалғасын тауып, тарылып емес, ұлғая түседі. Ол енді бүткіл өмір мәнінің синониміне айналады: Ақын жанының негізгі мақсаты – от болып лаулап, жанып кю.

2. «Әйел» концептісі

«Әйел – сұлулық»...Жұмақтағы жібек желден,

Мәңгі жайнап тұрған гүлден,

Жаратылған әйел сұлу! (...)

Ақынның «Гүлсімге» атты жыр жолдары тек бір әйелге ғана емес, бүкіл қазақ танымындағы әйел болмысын ашатындай. Сұлулықтың өлшемін әйел адам етіп алып,

*«Әйел – тұрмыс символы»...Тұрмыс деген бір тұзаққа,
Азға емес, тым ұзаққа
Кез болыпты – ішінті у!
Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді.(...)*

«Әйел – жыр». ...Өлді сұлу – өтті жылдар,
Өлді сұлу – бітті жырлар.(...)

Аталмыш өлең жолдарында автор әйелдің жақсы тұрмыс пен шаттықтың, әдемі көңіл – күйдің жаршысы екендігін жеткізіп отыр. Сонымен бірге тіршіліктің жалғаушысы әйел екендігін, онымен бірге өмір жалғасып, әйелмен бірге өмірдің тоқтайтындығын жанама мағынада айтқан.

3. «Сары» концептісі(сағыныш,)

Қазақ халқы *сары түсті* ұзақтықты, кеңістікті (Сарыарқа, сары дала) бейнелеуде қолданады. Түркі халықтары, оның ішінде, қазақ халқы сары түсті қымбат, бағалы тасалтынмен бейнеленсе, сол *алтын* (сары түсті) тілшіліктің көзі саналатын *күнмен* ассоциацияланады (алтын күн). Ал күннің шығуы мен күннің батуы белгілі бір уақыт аралығын қамтитындықтан, сары түс қазақ халқының тілдік санасында ұзақтық, кеңістік сияқты қосымша семаларды иеленуге әкелген, ал ұзақ уақыт бойы көрмеген зат (анаға, досқа т.б.) адам бойындағы сағыныш сезімін оятары сөзсіз. Дәл осылайша М.Жұмабаев та өз шығармашылығында «сары» сөзін сағыныш пен күйінішті, уақыт пен кеңістікті жеткізуде шебер қолданған. Оны мына өлең жолдарынан көреміз:

*Сарғайдым күннен күнге қуат кеміп,
Қалың ой – қара жылан жүректі еміп.
Ақырын бітіп барам жанған шамдай,
Көзіме ыстық жастар мөлт – мөлт келіп. («Сарғайдым»).*

Уақыттың ұзақтығы мен арақашықтықтың алыстығынан автор өз бойында әлсіздік пен күш қуаттың кемігенін айтады.

*... Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым зой, сар даламды сағындым.*

Сары сөзі кең байтақ қазақ жерін, яғни кеңістікті білдіріп тұр.

Ғылыми еңбектерді саралау арқылы концептінің ұғымнан семантикалық жағынан бай болып келетінін аңғарамыз. Концепт пен ұғым ішкі форма жағынан бірдей болғанымен, сыртқы көріністері бөлек. Ұғымды нақты ұғынуға болады, оның аясы тар. Кез – келген сөз концепт бола алмайды, бірақ ұғым бола алады. Концепт адамның ментальдық дүниесіне жақын, яғни мәдениетке де, тарихқа да жақын, сол себепті де өзіндік сипатқа ие. Демек, ол ментальдық ғаламды тану тәсілі болса, ал концептілік басты идеясы – ғаламның тілдік бейнесі. Концепт ғылымның әртүрлі салаларындағы басқа ментальдық бірліктерге қарағанда құндылық элементке баса назар аударуымен ерекшеленеді. Ол ұғымнан тұрады, бірақ денотативтік, коннотативтік компоненттерді, ассоциативтік байланыстарды қамтитындықтан тек қана ұғыммен шектелмейді. Концепт өзінің ішкі мазмұны мен функционалдық қасиеттері бойынша ұғымнан әлдеқайда кеңірек болып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Н. Ю. Шведова. – М.: Языки славянской культуры, 2005. – 639 б.
2. Пименова М. В. Предисловие // Введение в когнитивную лингвистику. Под ред. М. В. Пименовой. Вып. 4. – Кемерово, 2004. – 7б.
3. Болдырөв Н. Н. Когнитивная лингвистика: Курс лекций по английской филологии – Москва – Берлин, 2016 – 163 б.
4. Степанов Ю. С. Константы: словарь русской культуры – 1997, 982 б.

5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол.ғыл.док. автореф. – Алматы, 2007. – 56б.
6. Методологические проблемы когнитивной лингвистика // Научное издание. – Воронежский государственный университет, 2001. – 182с.